

«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ДІН ІСТЕРІ  
ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УПРАВЛЕНИЕ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ  
ГОРОДА АЛМАТЫ»

050000, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4  
тел./факс: (727) 263 06 14

050000, город Алматы, площадь Республики, 4  
тел./факс: (727) 263 06 14

24.03.2017

№ \_\_\_\_\_

04-02/291

Алматы қаласы  
Қоғамдық Кеңесінің  
Мәдени саясат комиссиясының төрағасы  
Қ.К. Шалабаевқа

2017 жылғы 20 ақпандағы  
№9 хатқа

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасы 2016 жылы Басқарманың жұмысына тікелей қатысты атқарылған шаралардың тізімін, сонымен қатар бюджеттік жоспардың игерілуін айғақтайтын есеп және бюджет есебінен бөлінген қаржы шеңберінде жүзеге асырылған іс-шаралар туралы ақпарат ұсынады.

Сонымен қатар, 2017 жылға белгіленген бюджеттік бағдарламалар туралы және алға қойылған негізгі жұмыс жоспар туралы мәлімет қосымшада жолдаймыз.

Басқарманың есебін тыңдау уақытын ағымдағы жылдың 29 наурыз күніне белгілеуді ұсынамыз.

Қосымша: 5 парақта.

Басшы

А. Есенбеков

Орынд.: Н. Мейманхожа  
Тел.: 263-25-77

001431  
ТОО «Іргетас»

**Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының  
2016 жылы атқарылған шаралардың тізімі және бюджеттік жоспардың  
нәтижелерін айғақтайтын  
ЕСЕБІ**

***2016 жылдың бюджеті туралы***

2016 жылға Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасына **112** млн. 520 мың теңге бөлінген, оның ішінде **5** млн. 161 мың теңге республикалық трансферттер есебінен, мемлекеттік мекеменің капиталдық шығындарына **4** млн. бөлінген, **107** млн. 355 мың теңге жергілікті бюджет есебінен бөлінген.

Осының ішінде аппаратты ұстауға **47** млн. 210 мың теңге жұмсалды. Бюджет қаражатынан келесі іс-шаралар өткізілді:

Елді мекендерде (алаңдарда, көшелерде) экстремизмге және терроризмге қарсы сипаттағы сыртқы ақпаратты (билбордтарды) орналастыруды ұйымдастыру - **1** млн. 45 мың теңге;

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізу – **5** млн.;

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру бойынша қызметтерге – **8** млн. 045 мың теңге;

Қазақстандағы радикалдық діни идеологиясы туралы бейне фильм түсіру – **15** млн.;

Дін саласындағы Алматы қаласындағы ақпараттық – насихаттау топтарының қызметін ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі қызметтер – **9** млн.;

Қазақстан халқы Ассамблеясы өкілдерімен және этно-мәдени бірлестіктердің қатысуымен Алматы қаласында конференция өткізу бойынша қызметтер – **1** млн.;

Діни саласы бойынша Сарапшылар тобын құру, оның қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету, ақпараттық-талдамалық, ұйымдастыру-әдіснамалық және материалды-техникалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу жұмысын қалыптастыру қызметі – **4** млн.;

Таратылатын материалдардың дизайнын әзірлеу және басып шығару қызметі – **8** млн. 1 мың;

Еліміздің білікті теологтардың ақпараты жазылған радикалды діни ағымдардың із-басарларының идеяларын және өмір сүру бейнелерінің беделін түсіруге бағытталған орыс тіліндегі қысқа аудио-бейнеролистерді дайындау, аудару және әлеуметтік желілермен ақпараттық мессенджерлерде тарату – **2** млн. 825 мың;

Жастардың рухани-патриоттық және діни сауаттарын көтеруге бағытталған театрланған қойылымдарды өткізу және ұйымдастыру және деструктивті діни ағымдардың зияндықтарын түсіндірумен маманданған танымал теологтар, исламтанушы мамандардың қатысуымен өткізу қызметі – **9** млн.;

Алматы қаласында радикалдылық деңгейіне баға беру қызметі – **3** млн.

### *Атқарылған іс-шаралар туралы*

Елді мекендерде (аландарда, көшелерде) антиэкстремистік сипаттағы сыртқы ақпаратты (билбордтар) орналастыруды ұйымдастыру барысында тиісті жұмыстар атқарылды. 2016 жылы қаланың үш аудандарында антиэкстремисттік сипаттағы 3 билборд орналастырылды.

Дін істері жөніндегі басқарманың тапсырысы бойынша 24 қараша күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірлесе отырып «Мегаполис жағдайындағы дін атын жамылған экстремизмнің алдын алу» тақырыбында Алматы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Халықаралық конференция барысында Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған көрме ұйымдастырылды, «Антитеррор – мемлекет пен қоғам міндеті» тақырыбындағы тақырыптық деректі фильмі көрсетілді («Салауат» ҚБ білім беру-мәдени орталығы шығарған).

Сонымен бірге, «Ислам», «Христианство» тақырыптарында секциялық отырыстар өткізілді.

Конференцияның жұмысына отандық және шетелдік (Ресей, Түркия, Мысыр, Тәжікстан мемлекеттерінен) сарапшы мамандар, дінтанушылар қатысты. Жалпы қатысушылар саны 300-ге жуық зиялы қауым, діни конфессиялар, этно-мәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, студент-жастар және бұқаралық ақпараттық құралдардың өкілдері қатысты.

Мемлекеттік қызметшілерге, құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне, мәдениет және білім беру салаларының қызметшілеріне, қалалық кәсіпорындарға 25 семинар өткізілді. Семинарларға жалпы қамтылған адамдар саны 988;

-Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мамандарына (діни қызметшілерге, білім беру курстардың оқытушыларына және т.б.) жалпы 121 адам қамтылған бес күндік 6 курстар жүргізілді;

-Жалпы білім беру мектептердің оқу және тәрбие жұмыс бойынша меңгерушілеріне, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мұғалімдеріне, медицина саласының қызметшілеріне, колледждердің директорларының орынбасарлары қатысқан, 92 адам қамтылған бес күндік 6 курстар өткізілді;

- дәстүрлі діни бірлестіктердің өкілдері мен жастардың қатысуымен 1 форум өткізіліп, 350 адам қамтылды.

Қоғамның түрлі топтары арасында және дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру топтардың мүшелеріне арналған әдістемелік құралдар, ақпараттық материалдар («Діни экстремизм дегеніміз не?», «Профилактика религиозного экстремизма и терроризма», «Информационные материалы по актуальным проблемам в религиозной сфере», «Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-насихаттау топтарының мүшелеріне арналған әдістемелік материалдар», «Чрезмерность в религии вредна!») әзірленіп мақсатты топтар арасында таратылды, жалпы көлемі 800-ге жуық материалдар үлестірілді.

2016 жылы радикалдық діни идеологияның зияны туралы және қоғамдағы келісімді нығайту барысында бейнефильмдер шығару бойынша жұмыстар жүргізіліп 4 бейнефильмдер әзірленді («Кері ағымдар», «Сектор

хаоса», «Правда о лжи», «Дін мен дәстүр»). Аталған фильмдер Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитетінің оң қорытындысын алды, қазіргі таңда БАҚ арқылы, қоғамдық мекемелерде, білім беру орындарында көрсетілімдері ұйымдастырылуда.

Дін саласының маңызды мәселелері бойынша, діни экстремизм мен терроризм идеяларының алдын алу, діни және құқықтық сауаттылықты арттыру барысында жоғары оқу орындары, колледждер, мектептердегі жастар арасында, еңбек ұжымдары арасында, әлеуметтік сала қызметшілеріне (педагогтар саласы, медициналық қызметшілер және т.б.) және құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді.

2016 жылы ақпараттық-насихаттау топтардың мүшелерінің қатысуымен тұрғындардың барлық топтары арасында **200**-ден астам түрлі форматтағы ақпараттық-түсіндіру және алдын алу шаралары өткізілді. Соның ішінде дәрістер, сұхбаттар, кездесулер өткізілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының Күніне орай қаладағы этномәдени бірлестіктердің, діни бірлестіктердің өкілдері, ғалым-сарапшылар, бұқаралық ақпараттық құралдардың қатысуымен 24 тамыз күні 1 қалалық конференция өткізіліп, 73 адам қамтылды.

Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижелілігін арттыру мақсатында қараша-желтоқсан айларында **«Сарапшы тобын»** құру қызметі арқылы, қоғамдағы түрлі мақсатты топтар арасында, нақты айтқанда, студент жастар, жоғары оқу орындары жатақханаларында, сауда орындарда, базарларда, өзін-өзі еңбекпен қамтамасыз етушілер арасында, жұмыссыз ретінде есепте тұрғандар арасында, түзету мекемелеріндегі сотталғандар қатарында **100** ақпараттық-түсіндіру кездесулері, дәрістер өткізіліп **9** мыңнан астам адам қамтылды.

Аталған Сарапшылар тобының құрамына Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің дінтану кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы, дінтанушы (*Н.Ж. Бәйтенова, Б.Қ. Бейсенов, Қ.М. Борбасова т.б.*), теолог мамандар белсенді қатысып, діни экстремизм мен терроризмнің зиянын әшкерелеп, қоғамдағы татулық пен келісім мәселелерін түсіндірді.

Дін саласындағы ағартушылық жұмыстарын және кереғар діни ағымдардың зиянын түсіндіруге бағытталған ақпараттық буклеттер, брошюралар әзірленіп мешіт жамағаттары және жастар арасында **120** мың данада таратылды.

Дінге сенуші ортада радикалдандырудың алдын алуға бағытталған **20** дыбыстық-бейне роликтер әзірленіп (ҚМДБ жанындағы белгілі теолог мамандар, дінтанушылардың материалдары қамтылған), олардың мазмұнында дінде экстремизмнің діни негіздері жоқ екенін түсіндіру, ағартушылық сипаттаға материалдар қамтылды.

Қараша айында Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында **«Өнер қырандары»** театрының ұжымы арқылы, қоғамның түрлі санатындағы өкілдері арасында (*студент, оқушы жастар, білім беру саласының мамандары, әскери қызметшілер мен қала тұрғындарының қатысуымен*) кереғар діни ағымдардың зияндықтарын түсіндіруге

бағытталған «Заман-ай» қойылымы 6 рет көрсетіліп, 8 мыңнан астам адам қамтылды.

Аталған театрландырылған қойылымның көрсетілімі «31» телеарна арқылы көрсетілді және де «Ютуб» бейне порталдағы көрермендерге көрсетілгені 1 млн. астам болды.

Алматы қаласында радикалдылық деңгейге баға беру қызметі бойынша әлеуметтік зерттеу өткізіліп, талдамалық баяндама әзірленді. Әлеуметтік зерттеуге қатысушы респондент ретінде 1000 адам қамтылды, әлеуметтік зерттеу жұмыстары қаладағы 7 мешіттердегі дінге сенуші ортадағы азаматтардың, жеке сарапшы мамандардың пікірлері қамтылды.

### *2017 жылдың бюджеті туралы*

2017 жылға соңғы бюджеттік нақтылаулар нәтижесінде 349 млн. 414 мың теңге бөлінген. Оның ішінде аппаратты ұстауға 53 млн. 509 мың теңге, іс – шаралар өткізуге 193 млн. 405 мың теңге, мемлекеттік – әлеуметтік тапсырыс аясында – 102 млн. 500 мың теңге қарастырылған.

Басқарманың 2017 жылға арналған жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Дін істері комитетімен келісілді және іске асырылуда.

2017 жылғы негізгі жұмыстардың бағыттары мыналар:

- Діни ахуалға мониторинг, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу үшін әлеуметтік зерттеулер өткізу. Діни ахуал бойынша электронды, интерактивті картаны әзірлеу. Ғаламтор кеңістігінде мониторинг жүргізу шараларын іске асыру.

- Ақпараттық-түсіндіру топтарының (9) құрамын қайта қалыптастыру, 500 ақпараттық-түсіндіру іс-шаралар өткізу.

- Діни ағымдардан зардап шеккен адамдармен жұмыс жүргізу және діни ағым мүшелерін оңалту орталығының қызметін жандандыру;

- Ағартушылық, түсіндіру мазмұнындағы бейнефильмдер, аудиороликтер әзірлеу.

- Мультимедиялық (билбордтар, инфографикалар, брошюралар т.б.) ақпараттық материалдар әзірлеу арқылы ағартушылық жұмыстар жүргізу.

- Мешіт жамағаттары арасында спорт ойындарын ұйымдастыру, белгілі қоғам қайраткерлері, спорт, мәдениет салаларының беделді тұлғаларымен кездесулер өткізу.

- Дін саласындағы ақпараттық жұмысты жүргізу мақсатында электронды (қазақ, орыс тілдеріндегі ғаламтор порталы арқылы) және баспа өнімдерінде (қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдар арқылы) материалдар жариялау, ақпараттық жұмыс жүргізу.

- Кереғар діни ағымдардың қоғамға, отбасыға, жеке адамға зияны туралы театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру.

- «Дінтану және зайырлылық негіздері» пәнінің мұғалімдеріне, құқыққорғау органдарының қызметкерлеріне, ҚМДБ имамдарының, блогерлердің дін саласы бойынша ақпараттыңдыруды көтеру мақсатында семинар-тренингтер өткізу.

- Журналистер мен өзге де БАҚ өкілдері арасында діни экстремизм мен терроризмнің зияны туралы баяндайтын арнайы материалдар әзірлеу конкурсын ұйымдастыру.